

Менеджмент



Менеджменттің қалыптасып дамуының тарихы

Менеджмент немесе басқару ғылыми пән ретінде 20 ғасырдың басында Америкада пайда болды. Оған бірқатар факторлар түрткі болған. Соның ішінде елдің демократиялық, азаматардың еңбек сүйгіштілігін, білім алудың жоғары мәртебесін, сондай ақ мемлекеттің экономикаға араласпайтындығын атап өткен жөн. Ел ескіліктің кертартпа догмаларынан да болған. Ал монополияларды құру оларды басқарудың күрделуіне әкеп соқтырды. Осындай жағдайларда бизнес қажеттіліктерінен жауап ретінде ғылыми менеджмент пайда болды. Ғылыми менеджменттің негізін қалаушысы болып Редерик Уинслоу Тейлор деп саналады. Ол елдің қоғамдық және ғылыми өміріне ерте араласты. Ғылыми басқару ұғымын тұңғыш рет 1910 жылы теміржол компаниялармен жанжал кезінде жүк жіберуші фирмалардың мүддесін қорғаған Луис Брандейс енгізді.

Жылдар	Этникалық топ	Қосқан үлестері
Біздің дәуірде	Шумерлер	Жазу фактілерін тіркеу
4000	Мысырлықтар	Жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылау керек екендігін мойындау
2600	Мысырлықтар	Басқаруды орталықтандыру
1100	Қытайлықтар	Жоспарлаудың, ұйымдастырудың, бақылаудың, басшылықтың қажеттілігі
400 Сократ	Әмбебаптылығы	Әмбебаптың принциптері
900	Әл-Фараби	Басшылыққа талап қояды.
1832	Ч.Габбидж	Ғылыми тәсілдемеге ерекше мән берген



Менеджмент (ағылшынша *manage* – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. [□] “Менеджмент” ұғымының мәні мен мазмұны “*басқару*” түсінігіне ұқсас. Сонымен қатар менеджмент *жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру* сияқты қызметтерді атқарады. Ғылыми менеджменттің негізін салушы белгілі ағылшын ғалымы Фредрик Уинстоу Тэйлор (1856 – 1915). Оның еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару жүйесі алғаш рет АҚШ-та 19 ғасыр мен 20 ғасыр тоғысында кең пайдаланыла бастады. Қазіргі замандағы менеджмент, негізінен, барлық экономикалық мектептердің тәжірибелері мен бағыттарының жетістіктерін қорытындылау арқылы дамуда. Менеджмент мақсат қоюға, жоспарлауға және саясатты қалыптастыруға міндетті. Ол үшін болжам жасайды. Менеджмент бойынша дәлелденген және жоспарланған операциялары бар ұйымдық құрылым жасау, адамдар арасында міндеттерді бөлу және жауапкершілік деңгейді белгілеу, нұсқау шығару мақсатында әр түрлі шешімдер қабылданады. Қазақстанда менеджмент қағидағтары, тәсілдері, амалдары нарықтық экономиканың өркендеуіне сай кеңінен таралған

Фредрик Уинстоу Тэйлор (1856 – 1915).

Басқару мен менеджментте бірдей категориялар пайдаланылады, бұларға жататын ұғымдар мынадай – «басқарудың объектісі мен субъектісің, «олардың арасындағы тура және кері байланысы. Менеджмент пен басқарудың негізгі категорияларын кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейінде қарастырғанда, олардың іс-жұмысының ерекшелігін және шаруашылық субъектілердің іс-қимылдарының жалпы міндеттерін ескерген жөн.

Басқару объектісі – бұл бақарылатындардың барлығы, яғни сала, кәсіпорын, бөлімшелер және т.б. Менеджментте басқару объектісі ретінде әр уақытта белгілі бір мақсатқа жету үшін өздерінің іс-қызметтерін үйлестіретін және бағыттталатын адамдар тобы қарастырылады.

Басқару субъектісі – бұл басқарушылардың барлығы, яғни саланың, кәсіпорынның, бөлімшелердің басқару аппараты. Басқарудың объектісі мен субъектісінің арасында тура және кері байланыс болады.

Тура байланыс – бұл басқару объектісіне субъектіден түсетін әмір (команда).

Кері байланыс -бұл басқару субъектісіне объектіден әмірдің орындалғаны және оның жағдайы туралы түсетін ақпарат.

МЕНЕДЖМЕНТ



1

Бұл белгілі бір ұйымды басқарудағы қолданылатын әдістер мен технологияларды айтамыз

2

«Менеджмент» (басқару) ағылшын сөзі, оның түп төркіні гректің «манус», яғни «қол,күш» деген сөзінен шыққан.

3

Менеджмент – бұл басқару, басшылық ету органы. Екінші ұғым. Менеджмент – бұл адамдарды басқару.

Менеджер

менеджер қазіргі тәсілдерді басшылыққа ала отырып, нақты жұмысты ұйымдастырушы адамдар.

реттеу

меңгеру

басшылық
ету



Б а с қ а р у

- Басқару – адамдардың кәсіптік қызметі. Бұл қызметтің мән-мазмұнын айқындау үшін оның анықтамасын берейік. **Басқару** – бұл ұжымдағы адамдарға және жекелеген адамдарға, олардың бірлескен (еңбек) жұмыс процесінде мақсатты жүйелі ықпал ету.
- “Мақсаттылық” анықтамасы басқару міндетін – ұжымның алдына қойған мақсатына жетуіне қамтамасыз етуді көздейді, оның үстіне мақсат қою да басқару міндеті.
- “Жүйелік анықтамасы” үздіксіз жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді. Әрекеттің осындай міндеттері бірізділігін басқару процесі деп атайды. Әр түрлі деңгейде басқару процестердің күрделілігіне және алуан түрлілігіне қарамастан, Д.Н.Бобрышев осы категорияға басқару процесіне біршама жалпылама анықтама берді. Басқару процесі – бұл шешімді шығаруды, қабылдауды, қабылданған шешімнің орындалуы жөніндегі жұмыс барысын үйлестіруді, орындалу барысын бақылауды бірізділікпен жүзеге асыру.




Стратегия дегеніміз – ұйымның міндетті ісін орындауы және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспар жиынтығы болып саналады.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз – басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы, сол арқылы ұйымның өз мақсатына жетуі үшін басшы арнайы стратегияны іздестіреді.




Ұйымдастыру – бұл кәсіпорын құрылымын құру процесі , оның өз адамдардың өз мақсатына жетуі үшін тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.



Басқару қызметінің бірі бақылау.

Мектеп жұмысы процесінде оқу бағдарламаларынан және жоспардан ауытқушылық кездеседі. Бақылау осы ауытқулар себептерін, оларды жою тәсілдерін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.



Қандай жұмысты басқаруда болмасын оларды реттеп отыруды және түзетулер енгізіп отыруды қажет етеді. Бұл міндетті басқарудың **реттеу және коррекциялау** қызметтері атқарады. Бұлай болмаған жағдайда басқару процесінде бейберекеттік, келіспеушіліктер және қателіктердің қайталануы орын алары сөзсіз